

Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қазандағы N 1055 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Richards Butler" компаниясы "Қарметкомбинат" мемлекеттік акционерлік қоғамының кредиторлары "МТР Металз" және "МеталзРоссия" компанияларымен дауда Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау үшін маңызды стратегиялық мәні бар заң қызметтерін көрсетуді беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген компаниямен заң қызметтерін көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес заң қызметтерін көрсетуді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 3, 4 тармақтарын орындауды ;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлейтін күнге белгілеген бағам бойынша "Richards Butler" компаниясының заң қызметтерін көрсетуіне ақы төлеу үшін 150000 (жүз елу мың) АҚШ долларына және 50000 (елу мың) ағылшын фунт стерлингіне баламалы сомада ақша қаражаты бөлінсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі